



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

- правильно и доступно донести материал до собеседника, правильно говорить на публике;
 - креативный подход к проектной деятельности;
 - поскольку проектная работа дает возможность учащимся выражать собственные идеи, важно поощрять их самостоятельность;
 - поддерживать постоянную связь с учащимися и родителями;
 - большинство проектов выполняется отдельными учащимися, но проект будет максимально творческим и продуктивным, если он выполняется несколькими учащимися.
 - Разработать учащимся Алгоритм работы над проектом, этапы работы над проектом.
- И хотелось бы закончить свое выступление, замечательным предложением. Главное начать, а результаты не заставят себя ждать.

Список литературы:

1. Байбородова Л.В., Харисова И.Г., Чернявская А.П. Проектная деятельность школьников // Управление современной школой. Завуч. 2014. №2. 94–117 с.
2. Вебер С.А. О механизме реализации личностных ресурсов старшеклассников через проектную деятельность // Воспитание школьников. 2013. № 1. 16–23 с.
3. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М., Интор, 1996
4. Иванова М.В. Опыт педагогического сопровождения проектной деятельности школьников // Школа и производство. 2013. №4. 3 – 7 с.
5. Каримуллина, О. В. Развитие проектно-исследовательской деятельности учащихся // Управление качеством образования. 2013. №6. 59–65 с.

ӘӘЖ 657.421.3

БАСҚАРУ ЕСЕП ПЕН КОНТРОЛЛИНГТІҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразалинова Майра Сағидолдаевна
PhD, қауымдасқан профессор
«Тұран» Университеті
Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: orazalinova.m@turan-edu.kz

Аннотация

Бұл мақалада автор басқарушылық есептің контроллинге рөлі мен орнын ашады. Контроллинг – басқару әдісі, басқарудың біртұтас жүйесін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, математикалық және ақпараттық үлгілердің жиынтығы. Басқару есебі кәсіпорын белгілеген жоспарды, стратегияны, бюджетті және т.б. орындау барысындағы барлық қаржы-шаруашылық қызметін көрсететін контроллинктің негізгі элементі болып табылады. және кәсіпорынның мақсаттарына барынша дәл қызмет ететін құралдар мен әдістерді қолдана отырып, басқарушылық шешім қабылдау мақсаттарына қызмет етеді.

Түйінді сөздер: контроллинг, басқару есеп, контроллер, есеп, бақылау, басқару.

Аннотация

В данной статье автор раскрывает роль и место управленческого учета в контроллинге. Контроллинг – метод управления, совокупность организационных, математических и информационных моделей, обеспечивающих целостную систему управления. Управленческий учёт является основным элементом контроллинга, который отражает всю финансово-хозяйственную деятельность в ходе выполнения намеченного предприятием плана, стратегии, бюджета и т.д. и служит для целей принятия управленческого решения, используя инструменты и методы, наиболее точно служащие целям предприятия.

Ключевые слова: контроллинг, управление, отчет, контроллер, отчет, мониторинг, управление.

Abstract

In this article, the author reveals the role and place of management accounting in controlling. Controlling is a method of management, a set of organizational, mathematical and information models that provide an integral management system. Management accounting is the main element of controlling, which reflects all financial and economic activities in the course of the implementation of the plan, strategy, budget, etc. outlined by the enterprise. and serves for the purposes of making a managerial decision, using tools and methods that most accurately serve the goals of the enterprise.

Key words: controlling, management, report, controller, report, monitoring, management.

Басқару есеп контроллинктің негізгі элементі болып табылады. Ол кәсіпорынның жоспары, стратегиясы, бюджеті бойынша бүкіл шаруашылық қызметтерін басқарып, бақылап көрсетеді. Контроллинг басқару нұсқасын ұйымдастырушылық, математикалық, ақпараттық (техникалық, программалық, лингвистикалық) қызметпен қамтамасыздандырады. Контроллинктің мақсаты – басқару

шешімдерінің тиімділігі үшін мәліметтермен қамтамасыз ету. Басқару шешімдерінің сапалығы– бұл тұтынушыларды қанағаттандырған шешімдердің жиынтығы. Батыс елдерінің әдебиеттерінде контроллингтің құрылым моделі қолданылады.

Контроллинг құрылым моделі келесі компоненттерден тұрады: ақпарат, жоспарлау, үйлестіру, бақылау. Келесі жүйе арқылы менеджмент және контроллинг жүйелерінің айналымын көруге болады: талдау ситуациясы, жоспарлау, орындау, нақты мәліметтерді жоспарланғанмен салыстыру [1, с. 416].

Мұнда бухгалтерлік есептің негізгі тапсырмасы болып кәсіпорынның нәтижесі туралы нақты мәліметтерді тапсыру болады. Ал басқару есеп нақты мәліметтерді талдау арқылы болашақ жоспарларды жоспарлайды. Жоспарланған стратегия бойынша координация, бақылау қызметтерін кәсіпорын басқармасы жүзеге асырады.

Басқару қызметі процесінде шешім қабылдау ең түйінді мәселе. Шешім қабылдау басқару процесінің міндетті, қажетті бөлігі. Басшының кез келген әрекеті іс жүзінде белгілі бір шешім қабылдаудан басталады.

Кәсіпорынның және ондағы бөлімшелер қызметінің нәтижесі басшының дер кезінде шешімді дұрыс қабылдау қабілетіне, әрі оны жүзеге асыра білуіне, ал оның жеделдігі мен дұрыстығы басшының тәжірибиесі мен біліміне байланысты. Егер ол өндірісті, технологияны және адамдарды жақсы білетін болса, жұмыс тәжірибесі мол болса, онда оған шешім қабылдау қиынға түспейді. Басшы кез келген жағдайда шешім қабылдаудан бас тартпауы тиіс. Қабылданған шешім бүкіл ұжымның экономикалық және әлеуметтік нәтижелеріне, әрбір жұмыскерге қолайлы немесе қолайсыз әсер етуі мүмкін.

«Басқару шешімі» термині екі негізгі мәнде қолданылады. Бірінші жағдайда ол белгіленген басқару актісін, қабылданған іс әрекет жоспарын, қаулы қараларды т.б. екінші жағдайда, проблемалар мен міндеттер шешімін қабылдаудың және жүзеге асырудың ең қолайлы нұсқасын білдіреді. Күрделі өндірістік жағдайда, әсіресе жұмыстың қауырт кезінде, егер барлық факторларды ескеруге көп уақыт кететін болса, онда шешім қабылдауды кешіктіріп, жұмыстың орындалуына кедергі жасағаннан гөрі, ең дұрысы тәуекел еткен жөн.

Керженцев былай деп атап көрсетеді: «шектен тек қусырып отырғанша, онша негізделмеген болса, шешім қабылдаған жөн, өйткені шешімнің шала тұстарын кейіннен жетілдіруге болады».

Басқару шешімдердің маңызды талаптарының бірі – мақсаткерлік. Шешім ұжымның мақсатын, басты міндеттерін білдіреді, кез келген жұмысты тікелей орындаушыларға берілетін тапсырмаларды айқындайды. Ірі шаруашылық шешімдерді бірнеше мақсатты негіздейді.

Кез келген шаруашылық әділ болуы, яғни шешімді қабылдаған кезде істің нақты жағдайы ескерілуі тиіс. Кез келген шешім, ол ауызша, мейлі жазбаша түрде қабылданса да, дәл, нақты, айқын, дәлелді болуы, толық қамтылуы әр кімге арналғаны дәл көрсетілуі тиіс.

Контроллер немесе бақылаушы ұйымды басқарушылар қатарына кіреді. Ол белгілі өзіне берілген тапсырманы орындайды. Бақылаушы қармағында оның көмекшілері болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның барлық қызметкерлері де қажетті мәліметтерді беріп отыруы керек. Бақылаушы ұйым басшылығының оперативті және стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруына септігін тигізеді.

Бақылаушы келесі жедел (оперативті) тапсырмаларды шешеді:

- жоспарды бір жүйеге келтіруге көмектеседі;
- оперативтік жоспарды нақты жоспармен салыстырып, ұйқастығын анықтайды;
- аса күрделі жоспардың орындалуына шаралар жасайды;
- жұмыстардың қорытындысын басшыларға хабарлайды.

Контроллингтің стратегиялық тапсырмасына төмендегілер жатады:

- фирманың стратегиялық жоспарының дамуын қамту;
- қызметтің әлсіз және күшті жақтарын талдау;
- фирманың стратегиялық ішкі және сыртқы мақсаттарының өзгерісін анықтау және олардың

әрі қарай дамуына себепін тигізу;

- нақты және стратегиялық жоспарларды жүйелеп салыстыру;
- мақсаттан ауытқу болса, оны түзету шараларын жасау.

Сонымен, контроллинг стратегиялық мәселелерді шешудің тиімді басқару құралы ретінде танылады. Бақылаушының міндеті нақты мәліметтерді жоспармен салыстырып, нәтижеге жетуге ұмтылу.

Контроллингте мәлімет (ақпарат) маңызды орынды алады. Мәлімет (ақпарат) – «информация» термині латын тілінен енген түсіндіру, баяндау, мәлімет деректер беру деген ұғымдарды білдіреді.

Басқару ісінде мәлімет ұғымы сақтауға, таратуға және түрлендіруге тиісті деректер ұғымын береді. Нарықтық экономикаға көшкен жағдайда мәлімет ролі арта түседі. Мәліметтердің негізгі қасиеті, оның оқиғаларды, процестерді сипаттай алу мүмкіншілігінде. Мәліметтер – басқару процесінің негізі болып табылады. Басқару процесінің барлық сатылары мен кезеңдері мәліметтерді өндеуге байланысты. Мәліметтерсіз басқару, мақсатты анықтау, жағдайды бақылау проблеманы тұжырымдау, шешім қабылдау және олардың орындалуын бақылау мүмкін емес.

Басқару шешімдерін қабылдау үшін, бақылаушы (контроллер) тиісті мәліметтерді уақытысын–

да беру тиіс. Бақылаушы керекті қызметкерлерге тиісті мәліметті уақытысында, белгіленген жерде кешіктірмей беру бұл бақылаушының міндеті болып саналады. Бақылаушы ішкі және сыртқы мәліметтерді жинақтап, өндеп ішкі және сыртқы қолданушыларға жібереді. Сондай-ақ, қызметкерлер де бақылаушыға қажетті ақпарат беріп отыру керек. Басшыға берілетін ақпарат нақты, тиянақты болуы керек және ол ақпарат қызметкердің кінәсін зерттеуге бейімделмеуі тиіс. Басшыға беретін есеп бір формада болады, оның формасын ауыстыру және көп есептеулердің керегі жоқ. Сандық мәліметтерді графиктер, кестелермен түсіндірген дұрыс саналады. Контроллинг қызметінде кәсіпорынның мақсатына жетуіне бағытталған координация қызметі маңызды орынды алады.

Кесте 1. Контроллингтіңшығысты басқару есепжүйесінен ерекшелігі

<i>Жүйенің мазмұны</i>	<i>Шығысты басқару жүйесі</i>	<i>Контроллинг</i>
Мақсат	Шығысты төмендету	Қабылдайтын шешімнің сапасын көтеру
Ішкі жүйе. Мақсатқа жету функциялары	Функционалды облыстар. Басқару функциясы	Басқару функциясы Басқару технологиясы және шешім қабылдау
Орындаушылар мен ресурстар	Еңбек, материалдар, капитал, энергия, ақпарат	Ұйымдастырушылық, математикалық, ақпараттық қамсыздандыру
Объектілері	Шығысты сақтаушы және шығысты орталықтар	Басқару жүйесі
Басқару жүйесінің құрылымы	Ұйымдастырушылық құрылым	Модельдердің құрылымы (метамоделі)
Сандық мазмұны	Экономикалық көрсеткіштердің мағынасы	Шешімдер сапалығының критериясының мағынасы
Бақылаушы фактор	Шығыстар көлемі	Табысты қамтамасыз етудің моделін келістіру
Дерек көзі: Малышева Л Контроллинг // Открытые системы. 2003. №2. 3–10 с.		

Әдебиеттерде контроллинг және кәсіпорынды басқару жүйесі арасындағы ерекшеліктер мағынасын жоюда. Контроллинг басқару жүйесі деп көбінесе түсіндіріледі. Осы жүйе қызмет жасамаса, бұны контроллинг деп атауға болмайды. Шығысты басқару жүйесін кейде контроллинг деп атайды, ол дұрыс емес, өйткені шығысты басқару екі құраманы құрайды: кәсіпорынның шаруашылық қызметінің заттық облысын және функционалды облысын басқару процесін қамтиды. Сол себептен де басқару есебін контроллинг деп атауға болмайды. Контроллинг – бұл басқару әдісі, ұйымдастырушылық, математикалық, ақпараттық модельдердің жиынтығы, басқару жүйесін үйлесімді қамтамасыз ету болып табылады [2, с. 3–10].

Контроллинг жүйесінің тиімділігі басқару тиімділігімен анықталады, ол басқаруға кері байланысты. Мысалы, өндірістік жобаларды бағдарламалау үшін, сызықтық, сызықсыз программалау тәсілдері, статистикалық әдістер т.б. қолданылады. Қарастыратын жағдайға байланысты контроллинг кәсіпорынның мақсатына жету үшін, тиімді әдістерді, экономикалық жүйелерді таңдайды. Контроллинг өз кезегінде басқару процесі, оған басқару функциялары негіз болады, бірақ олардың ерекшеліктері байқалады.

Кесте 2. Басқару функциясының ерекшелігі

<i>Басқару функциясы</i>	<i>Басқару есеп</i>	<i>Контроллинг</i>
Есеп	Экономикалық көрсеткіштердің мағынасының есебі	Бірегей ақпараттар кеңістігі көмегімен түсіндірме сөздікті құрастыру
Бақылау	Экономикалық көрсеткіштердің мағынасының келіспеушілігін бақылау	Экономикалық көрсеткіштердің мағынасын реттеу және талдау, бақылау үшін тиімді әдістерді таңдау
Талдау	Келіспеу себебін талдау, факторлардың әсерін бағалау	Басқару сапасын бағалауға модельдерді қолдану
Реттеу	Келіспеушілікті төмендету үшін математикалық модельдерді қолдану	Сапалы шешім қабылдау үшін математикалық модельдерді қолдану
Жоспарлау	Экономикалық көрсеткіштердің мағынасын жоспарлауға математикалық модельдерді қолдану	Кәсіпорында басқару жүйесін енгізуді жоспарлау
Дерек көзі: Малышева Л Контроллинг // Открытые системы. .2003. №2. 3–10 с.		

Контроллинг жүйесін енгізуде кәсіпорында басқарудың баламалық нұсқа әдістері пайда болады. Контроллинг жүйесіне тиімді шешім қабылдау және таңдап алынған модель лайық. Басқару шешімдерін жоспарлау мен талдау үшін сыртқы ортаны талдау моделі қолданылады, оған М.Пор-

тердің бес күш моделі кіреді [3, с. 105]:

1. Қарқынды бәсекелестік
2. Жаңа қатысушылардың әсері
3. Басқа технология және материалдардың әсері
4. Нарықтағы сатып алу қабілеті
5. Жабдықтаушылардың нарықтық күші

Ал, Брандербургер А. және Неилбаффа Б. таза құндылық моделін ұсынады ол:

1. Импорт бойынша бәсекелестік

2. Нарықтағы көп қызметтер

3. Қосымша жабдықтаушылар (субконтракторы). Бұл аталған модельдің көрсеткіштері М.Портердің «бес күш» моделіне қосымша әсер етеді.

Сыртқы ортаны талдаудан басқа, ішкі ортаны талдау маңызды. Онда кәсіпорында қанша активтер, қаржылар бар екеніне талдау жүргізіледі. Контроллинг тапсырмасы басқару мақсатымен анықталады, ол мақсатқа жету үшін барлық қызмет бақыланып, тексеріліп, реттелініп тұру керек. Басқару есеппен контроллингтің қатынасын келесідей қызметтермен қадағалауға болады [4, с. 39–45]:

– Басқару мақсатының векторы (БМВ), басқару жағдайының векторы (БЖВ), басқару қатесінің векторы (БҚВ);

– Орта факторы;

– Жоспарлау;

– Басқару концепциясы;

– Басқару құрылым мақсатын ұйымдастыру;

– Жауапкершілік және ынталандыру;

– Контроллинг;

– Басқару мақсатының векторының ауытқуын, динамикасын талдау;

– Басқарма әсері.

Қазіргі уақытта контроллинг түсінігін төмендегідей түйіндеуге болады:

– Контроллинг – бұл жаңа идеяларды енгізу арқылы бәсекелестерді жеңу, нарықтағы сұраныстарды бақылап отыру.

– Контроллинг – нарықтағы қызметтердің ішіндегі тиімді әдісі.

– Контроллинг – бұл менеджердің болашақты ойлау бейнесі.

– Контроллинг экономиканың дамуы және дағдарыстың алдын алу шараларының бірі.

Контроллинг жүйесі нақты қойылған мақсатқа сай жүзеге артады, бірақ мақсаттардың қайта өзгертіліп және қайта құрылуы мүмкін. Контроллинг ішкі және сыртқы ақпаратпен қамтамасыз етіледі және басқарудың ішкі жүйесі болып табылады. Кеңес беруде, есеп беруде, қаржыландыруда, бағалауда, жоспарлау кезінде ақпарат ауқымы үлкен орын алады.

Сонымен, контроллинг жағдайды меңгеру, реттеу үрдісі ретінде танылады. Басқару есеп құрылымдарын жетілдіру бұл тиімді, ұтымды ұйымдық құрылымдар құруға, қалыптастыруға бағытталған жұмыстар, шаралар жиыны. Оның негізінде басқару қызметкерлеріне, олардың еңбек тиімділігін арттыруға жақсы жағдайлар жасалынады, басқару құрылымының сатылар саны, буындары нақты өндіріс процесімен, ұйымның болашақ дамуымен ұштастырылады. Осындай қызметтерді жүзеге асыруда контроллинг септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Бухгалтерский учет: управленческий аспект / Пер. с англ.; под ред. Я.В.Соколова. М.: Финансы и статистика, 1995. 416 с.
2. Малышева Л. Контроллинг на предприятии // Открытые системы. 2003. №2. 3–10 с.
3. Баишев Б.К. Основы стратегического менеджмента: Курс лекций: АВС. Алматы, 2005. 105 с.
4. Наумов А. Подход к построению системы контроллинга с позиции теории управления // Практические материалы с конференции «Контроллинг и управленческий учет: практический опыт реализации». М., 2005. 39 – 45 с.